Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 қарашадағы N 150м қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 458-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 399132 мың теңге (үш жүз тоқсан тоғыз миллион бір жүз отыз екі мың теңге).";

4-тармақта "құрылысын" деген сөзден кейін "және Т. Рысқұлов атындағы ауданның Құлан ауылында емханасы бар 150 төсектік орталық аудандық аурухана құрылысын" сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "ауруханасының" деген сөзден кейін "және Т. Рысқұлов атындағы ауданның Құлан ауылында емханасы бар 150 төсектік орталық аудандық аурухананың" деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджет бағдарламасын іске асыру шараларының жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

5-бағанда "құрылысын" деген сөзден кейін "және Т. Рысқұлов атындағы ауданның Құлан ауылында емханасы бар 150 төсектік орталық аудандық аурухана құрылысын" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Т. Рысқұлов атындағы ауданның Құлан ауылында емханасы бар 150 төсектік орталық аудандық аурухана құрылысы бойынша бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаларға сәйкес орындалған жұмыстардың көлемі.";

2) көрсетілген қаулыға 459-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 634590 мың теңге (алты жүз отыз төрт миллион бес жүз тоқсан мың теңге).";

3) көрсетілген қаулыға 460-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 2071658 мың теңге (екі миллиард жетпіс бір миллион алты жүз елу сегіз мың теңге).".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК